ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 24 сәуір № 7119-25-00-2/3328 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Ербол Серікұлы Ережеп жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер Ербол Серікұлы Ережеп жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Ербол Серікұлы Ережеп жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Ербол Серікұлы Ережеп жеке кәсіпкерінен талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 7 858 (жеті мың сегіз

Документ подписан: Искалиева А. С., 24.04.2025
Дата вступления в законную силу: 02.06.2025, судья Искалиева А. С., 02.06.2025
7119-25-3-1/3011

жүз елу сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 236 (екі жүз отыз алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер Ербол Серікұлы Ережеп жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Документ подписан: Искалиева А. С., 24.04.2025

Дата вступления в законную силу: 02.06.2025, судья Искалиева А. С., 02.06.2025

7119-25-3-1/3011